

**« Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» мкм
Бракераж комиссиясы отырысының
№ 7 ХАТТАМАСЫ**

Күні: 11.03.2026ж.

Қатысқандар:5

Бракераж комиссия төрайымы

Мектеп директоры Н.Г.Денгелбаева

Мүшелері:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – К.Т.Халыкова

Ата-аналар комитетінің төрайымы– Т.Х.Нурдаулетова.

Мектеп медбикесі – А.А.Елшібай

Әлеуметтік педагог – Ж.Қ.Толжарасова

Күн тәртібінде:

1. Ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру, ата-ана мен оқушылардың шағымдарын қарау туралы
2. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы туралы

Тыңдалды:

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – К.Т.Халыкова. Ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру, ата-ана мен оқушылардың шағымдарын қарау туралы Ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру мақсатында әкімшілік кезекшілік кестесі құрылған. Күнделікті кезекші әкімші, мектеп медбикесі, әлеуметтік педагог мектеп асханасын тексереді және төмендегі міндеттерді атқарады: Асханада санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын қадағалау; Тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушыларды түгендеу; Тамақ сапасын бақылау; Тексеру нәтижесінде комиссия мүшелері асхана жұмысын тексере отырып, мына төмендегі жұмыстарды тексеріп, бақылады. Тексеріс асхана залының жалпы тазалығын және оқушылардың қол жуатын орнын басталды. Асхананың іші таза. Сонымен қатар, асхананың ішкі бөлігі саналатын көкөніс сақтау, ет-сүт өнімдерін, су, ұн сақтайтын бөлмелер мен тоңазытқыштар түгелдей тексерілді. Аталған азық-түлік өнімдері талапқа сай, сертификаттары бар екендігі анықталды. Асхананың тамақ жасауға арналған плиталар мен ыдыстардың және ыдыс жууға арналған арнайы бөлменің де тазалағы тексерілді. Асхана қызметкерлерінің жеке медициналық кітапшалары бар. Тамақ жасауға пайдаланатын заттарды алып келетін фирмалармен жасалған келісімшарттардың бар екендігі де тексерілді. Асханадағы тағамдардың бағалары нақтыланып көрсетілген. Комиссия мүшелері асханадан оқушы денсаулығына қауіпті заттардың сатылмауын қатаң түрде сақтау туралы ескерту айтылды. Комиссия мүшелері асхана жұмысын өз деңгейінде жүргізіліп жатқандығын тексерді.

2. Мектеп мейірбикесі - А.А.Елшібай :

Бракераж комиссия мүшелері өздерінің кезекшілік күні оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы ,күнделікті бақылап, тексеріп, бракераж журналына жазып отырады. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің

жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі. Асханада қол жуатын орында сабын, температура өлшегіш құрал мен тіркеу журналы, ас мәзір бұрышы, ата-аналардың арыз-шағым, ұсыныс жазатын журналдары бар. Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес, көп балалы отбасыдан шыққан балалардың тегін ыстық тамақпен қаматамасыз етілуі туралы және мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау мақсатында комиссия құрамының жұмыс жоспарына сәйкес АКТ жасалды.

1. Ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру әрі қарай жалғассын.
2. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануы бақылауға алынсын.
3. Асханада сағат ілінуі ескерілсін

Қатысқандар

Бракераж комиссиясы төрайымы:

Мектеп директоры :

Мүшелері:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Әлеуметтік педагог:


Мектеп медбикесі:

Ата аналар комитетінің төрағасы :


Н.Г.Денгелбаева


К.Т.Халыкова

Ж.Қ.Толжарасова


А.А.Елшібай


Т.Х.Нурдаулетова.